

Биметалдық термометр, модель 55

КК



R5502 моделі



S5550 үлгісі

© 09/2010 WIKA Alexander Wiegand SE & Co. KG

Барлық құқығы қорғалған.

WIKА® – түрлі елдегі тіркелген сауда белгісі.

Қандай да бір жұмысты бастамас бұрын, пайдалану нұсқаулығын оқыңыз!
Кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз!

This document was translated by a professional translator, and is, to the best of our knowledge, linguistically correct.

WIKА points out that the translation has been made at the customer's request and has not been independently checked for technical correctness.

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	4
2. Дизайны және функциясы	5
3. Қауіпсіздік	6
4. Тасымалдау, қаптау және сақтау	11
5. Эксплуатацияны бастау, пайдалану	13
6. Ақаулықтар	16
7. Техникалық қызмет көрсету және тазалау	18
8. Бөлшектеу, қайтару және қоқысқа тастау	20
9. Сипаттамалар	22

1. Жалпы ақпарат

КК

- Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген биметалдық термометр ең заманауи технология көмегімен жобаланған және жасалған. Жасап шығару кезінде құрамдастардың барлығы қатаң сапа мен қоршаған орта талаптарына сай бақылаудан өткізіледі. Біздің басқару жүйелеріміз ISO 9001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкес сертифицираталған.
- Бұл пайдалану нұсқауларында биметалдық термометрді пайдалану туралы маңызды ақпарат бар. Қауіпсіз жұмыс істеу үшін, барлық қауіпсіздік нұсқаулары мен жұмыс нұсқауларын орындау керек.
- Биметалды термометрді пайдалану үшін қолданылатын жазатайым оқиғалардың алдын алу туралы жергілікті ережелер мен жалпы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз.
- Пайдалану нұсқаулары құралдың бір бөлігі болып табылады және биметалдық термометрге тікелей жақын жерде сақталуы және кез келген уақытта білікті қызметкерлерге оңай қолжетімді болуы керек.
- Кез келген жұмысты бастамас бұрын, білікті қызметкерлер пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып, толық түсінуі керек.
- Сату құжаттамасындағы жалпы шарттар мен ережелер қолданылады.
- Техникалық өзгерістер орын алуы мүмкін.
- Қосымша ақпарат
 - Интернет мекенжайы: www.wika.de / www.wika.com
 - Тиісті деректер парағы: TM 55.01
 - Қолдану бойынша кеңесші: Тел.: +49 9372 132-0
Факс: +49 9372 132-406
info@wika.de

2. Дизайн және функциясы

2. Дизайн және функциясы

2.1 Шолу

КК



- ① Корпус
- ② Циферблат
- ③ Нәрсеткі

- ④ Штанга
- ⑤ Реттелмелі өзек және циферблат нұсқасы
- ⑥ Технологиялық байланыс

2. Конструкциясы мен функциясы / 3. Қауіпсіздік

2.2 Сипаттамасы

Биметалды термометрлердің осы сериясы құбырларға, резервуарларға, қондырғылар мен машиналарға орнатуға арналған.

КК

Сыртқы жабыны мен корпусы тот баспайтын болаттан жасалған. Процесті орнату үшін әр түрлі орнату ұзындықтары мен технологиялық қосылымдар мүмкіндігі бар.

Термометрдің (IP65) жоғары қорғаныс класы және оның сұйықтық демпфері арқылы діріл жағдайларында да жұмыс істеуге болады.

2.3 Жеткізу жинағы

Жеткізу жинағын жеткізу жазбасына сәйкес тексеріңіз.

3. Қауіпсіздік

3.1 Белгілердің мағынасы



ЕСКЕРТУ!

... алдын алмаса, ауыр дене жарақатына немесе адам өліміне әкеп соғуы мүмкін қауіпті жағдайды көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ!

... алдын алмаса, жеңіл дәрежедегі дене жарақатын алуға әкелуі немесе жабдыққа не қоршаған ортаға зақым келтіруі мүмкін қауіпті жағдайды білдіреді.



ЕСКЕРТУ!

... алдын алмаса, құрылғының ыстық беттерінен немесе сұйықтықтардан болатын күйіп қалу жағдайларына әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды білдіреді.



Ақпарат

... пайдалы кеңестерді, ұсыныстарды және тиімді әрі қиындықсыз жұмыс істеуге арналған ақпаратты көрсетеді.

3.2 Пайдалану мақсаты

Бұл биметалдық термометрлер негізінен технологиялық өнеркәсіпте технологиялық температураны бақылау үшін қолданылады.

Биметалдық термометр тек осы жерде көрсетілген пайдалану мақсаты үшін жобаланып жасалған, сондықтан оны тек сәйкесінше пайдалану керек.

Осы пайдалану нұсқаулықтарында қамтылған техникалық сипаттамалар орындалуы керек. Биметалдық термометрді дұрыс пайдаланбау немесе оны техникалық сипаттамаларынан тыс пайдалану құралды дереу жұмыстан шығаруды және уәкілетті WIKA сервистік инженерінің тексеруін талап етеді.

Пайдалану мақсатынан тыс пайдалану негізінде орын алған кез келген шағымға өндіруші жауапты емес.

3.3 Дұрыс пайдаланбау



ЕСКЕРТУ!

Дұрыс пайдаланбау салдарынан болатын жарақаттар

Құралды дұрыс пайдаланбау қауіпті жағдайларға және жарақаттар алуға әкелуі мүмкін.

- ▶ Құралға рұқсатсыз өзгерістер енгізуден аулақ болыңыз.
- ▶ Құралды қауіпті аймақтарда пайдаланбаңыз.
- ▶ Құралды абразивті немесе тұтқыр заттармен пайдаланбаңыз.

Пайдалану мақсаты шеңберінен тыс немесе өзгеше пайдалану дұрыс пайдаланбау болып саналады.

Бұл құралды қауіпсіздік немесе апаттық тоқтату құрылғыларында пайдалануға болмайды.

3. Қауіпсіздік

3.4 Оператордың жауапкершілігі

КК

Құрал өнеркәсіптік салада пайдаланылады. Сондықтан оператор жұмыс орнындағы қауіпсіздікке қатысты заңды міндеттемелер үшін жауапты болады.

Осы пайдалану нұсқаулығындағы қауіпсіздік нұсқаулары, сондай-ақ қолдану аймағы үшін қауіпсіздік, апаттардың алдын алу және қоршаған ортаны қорғау ережелері сақталуы тиіс.

Оператор өнімнің жапсырмасын түсінікті күйде ұстауға міндетті.

Құралмен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін операциялық компания келесілерді қамтамасыз етуі керек:

- тиісті алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарының болуын және қажет болған жағдайда көмек көрсетуді.
- пайдаланушы персоналдың еңбек қауіпсіздігі, алғашқы медициналық көмек көрсету және қоршаған ортаны қорғау бойынша жүйелі түрде нұсқау алуын және пайдалану нұсқауларын, атап айтқанда, ондағы қауіпсіздік нұсқауларын білуін.
- және құралдың пайдалану мақсатына сәйкес екеніне көз жеткізуге тиіс.

3.5 Қызметкерлер біліктілігі



ЕСКЕРТУ!

Біліктіліктің жетіспеушілігінен жарақат алу қаупі бар

Құралды дұрыс пайдаланбау ауыр жарақатқа немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген жұмыстарды төмендегідей біліктілігі бар тәжірбиелі қызметкерлер орындауы тиіс.
- ▶ Біліктілігі жоқ қызметкерлерді қауіпті аймақтарға жақындатпаңыз.

3. Қауіпсіздік

КК

Тәжірбиелі қызметкерлер

Тәжірбиелі қызметкерлер деп техникалық дайындықтан өткен, өлшеу мен басқару технологиясы туралы білімі, тәжірбиесі бар, ұлттық ережелер, ағымдағы стандарттар мен директиваларға негізделі отырып сипатталған жұмысты орындай алатын және ықтимал қауіптерді өз бетінше анықтай алатын адамдарды айтамыз.

Арнайы пайдалану шарттары, мысалы: агрессивті ортада пайдалану шарттары қосымша тиісті білімді талап етеді.

3.6 Жеке қорғаныс жабдығы

Жеке қорғаныс жабдығы білікті қызметкерлерді жұмыс кезінде қауіпсіздігіне немесе денсаулығына нұқсан келтіруі мүмкін қауіптерден қорғауға арналған. Құралмен және оның көмегімен түрлі тапсырмалар орындау кезінде білікті қызметкерлер жеке қорғаныс жабдығын киіп алуы керек.

Жеке қорғаныс жабдығына қатысты жұмыс аймағында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз!

Қажетті жеке қорғаныс жабдығы өндіруші компания тарапынан берілуі тиіс.



Қауіпсіздік көзілдірігін киіңіз!

Көзіңізді ұшпалы бөлшектерден және сұйықтықтың шашырауынан қорғаңыз.



Қорғаныс қолғаптарын киіңіз!


Қолыңызды үйкелуден, қажалудан, кесілуден немесе терең жарақаттардан, сондай-ақ ыстық беттермен және агрессивті құралдармен жанасудан қорғаңыз.

3. Қауіпсіздік

3.7 Жапсырмалар, қауіпсіздік белгілері

Өнім затбелгісі (мысалы)

КК



- ① Үлгі
- ② Өндірілген жыл
- ③ Сериялық нөмірі



Құралды бекітпес және эксплуатацияны бастамас бұрын, міндетті түрде пайдалану нұсқаулығын оқыңыз!



Құралдарды кейіннен толтыру сұйықтығымен толтырмаңыз.

4. Тасымалдау, қаптау және сақтау

4.1 Тасымалдау

Құралда тасымалдау салдарынан туындауы мүмкін қандай да бір зақымның бар-жоғын тексеріңіз. Көрінетін зақымдарды дереу хабарлау керек.



АБАЙЛАҢЫЗ!

Дұрыс тасымалдамау салдарынан болатын жарақат

Құралды дұрыс тасымалдау әдістері қолданылмаса, ол қатты зақымдануы мүмкін.

- ▶ Жеткізу кезінде, сондай-ақ ішкі тасымалдау кезінде қапталған тауарларды тиеген кезде, мұқият болыңыз және қаптамадағы белгілерге назар аударыңыз.
- ▶ Ішкі тасымалдау жағдайында 4.2 «Packaging and storage»-тараудағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер құрал суық жерден жылы ортаға тасымалданса, конденсацияның пайда болуы құралдың ақаулануына әкелуі мүмкін. Оны қайта іске қоспас бұрын, құралдың температурасы мен бөлме температурасының теңелуін күтіңіз.

4.2 Қаптау және сақтау

Қаптамасынан тек орнатудың алдында шығарыңыз.

Тасымалдау кезінде (мысалы, орнату орнының өзгеруі, жөндеуге жіберу) оңтайлы қорғаныспен қамтамасыз ететіндіктен қаптамасын сақтап қойыңыз.

Сақтау орны бойынша рұқсат етілген жағдайлар:

Сақтау температурасы: -20 ... +60 °C

Келесідей факторлар әсерінде қалуына жол бермеңіз:

- Күн сәулесінің тікелей түсуі немесе ыстық заттарға жақын тұруы
- Механикалық діріл, механикалық соққы (жерге қатты қою)
- Күйе, бу, шаң және коррозиялық газдар
- Жарылу қауібі бар орталар, тұтанғыш атмосфера

4. Тасымалдау, қаптау және сақтау

Құралды өзінің бастапқы қаптамасында, жоғарыда аталған шарттарға сай келетін жерде сақтаңыз. Бастапқы қаптамасы қолжетімді болмаса, термометрді төменде сипатталғандай орап, сақтаңыз:

КК

1. Термометрді антистатикалық пластик таспаға ораңыз.
2. Термометрді қаптамаға амортизациялағыш материалмен бірге салыңыз.
3. Егер ұзақ уақыт бойы (30 күннен артық) сақтауға қойылатын болса, қаптамасының ішіне ішінде құрғатқыш заты бар қалта салыңыз.



ЕСКЕРТУ!

Құралды (пайдаланудан кейін) сақтауға қояр алдында кез келген қалдық заттектерді алып тастаңыз. Егер орта денсаулыққа қауіпті мысалы, каустикалық, улы, канцерогенді, радиоактивті және т.б. болса, бұл ерекше маңызды болып табылады.



Конденсация нүктесінің (± 1 °C айналасында 0 °C) жанындағы температура үшін әрдайым сұйықтық демпферін пайдалану ұсынылады.

5. Эксплуатацияны бастау, пайдалану



ЕСКЕРТУ!

Қауіпті заттектер себебінен физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіру

Қауіпті заттектермен (мыс: оттегі, ацетилен, жанғыш немесе улы заттар), зиянды заттектермен (мыс: коррозиялық, улы, канцерогендік, радиоактивті), сондай-ақ тоңазытқыш қондырғыларымен және компрессорлармен жанасу кезінде физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі туындайды.

Ақаулық орын алған жағдайда құралда өте жоғары температуралы және жоғары қысымды немесе вакуумды агрессивті заттектер болуы мүмкін.

- ▶ Бұл заттектер үшін барлық стандартты ережелермен бірге, тиісті қолданыстағы заңдар мен ережелерді де ұстану керек.



ЕСКЕРТУ!

Ыстық беттер немесе сұйықтықтар арқылы жарақаттану

Қабықшада сонымен қатар толтырғыш сұйықтық бар; > 250 °C температурада бұл сұйықтық бұлыңғыр болуы немесе түсін өзгертуі немесе кейбір жағдайларда тұтануы мүмкін.

- ▶ Толтырылған құралдар үшін орташа температура 250 °C градустан төмен екеніне көз жеткізіңіз.

Манометрлерді бұрау кезінде, бұл үшін қажетті күшті корпус немесе клемма қорабы арқылы емес, тек осы мақсат үшін берілген кілттердің қасқалшасы арқылы қолдану керек (тиісті құралдың көмегімен).




Сомын кілтімен орнату

5. Эксплуатацияны бастау, пайдалану

Айналдыруға және бұруға болатын биметалдық термометрді орнату кезінде арнайы нұсқауларды орындау қажет. Индикаторды қажетті күйге орнату үшін, келесі қадамдарды орындау қажет:

КК

1. Құлыптау гайкасы немесе жалғастырғыш сомын технологиялық қосылым барысында жоғалып қалуы мүмкін.
2. Топсалы қосылымдағы алты қырлы бұрандалар мен ойықты бұрандаларды босату керек.



3. Индикаторды қажетінше орналастырып, алты қырлы бұрандалар мен ойықты бұрандаларды бекітіңіз де, соңынан құлыптау гайкасы немесе жалғастырғыш сомынды мықтап бекітіңіз.

5.1 Термогильзаларды пайдалану



АБАЙЛАҢЫЗ!

Дұрыс пайдаланбау себебінен зақымдану

Термосаңылауларды пайдалану кезінде, біліктің термосаңылау түбіне тиіп тұрмауын қамтамасыз етіңіз, себебі материалдардың әртүрлі кеңею коэффициенттеріне байланысты білік термосаңылау түбінде бүгіліп қалуы мүмкін.

- ▶ Дұрыс енгізу ұзындығын пайдаланыңыз (11 енгізу ұзындығын есептеу формуласын тиісті термогильзаның деректер парағынан қараңыз).



5.2 Жылулық жанасу ортасы

Термосаңылауларды пайдаланған кезде, датчиктің сыртқы қабырғасы мен термосаңылаудың ішкі қабырғасы арасындағы жылу тарату кедергісін азайту үшін олар термиялық контактілі заттеппен толтырылуы керек. Термопастаның жұмыс температурасы -40 ... +200 °C.

КК



ЕСКЕРТУ!

Майдың шашырауынан физикалық жарақаттар алу және жабдықтың зақымдануы

Жылулық жанасу ортасын ыстық термогильзаға құйған кезде майдың шашырауынан физикалық жарақат алу және жабдықтың зақымдану қаупі болады.

- ▶ Ыстық термогильзаларды толтырмаңыз

6. Ақаулықтар



АБАЙЛАҢЫЗ!

Физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіру

Егер ақаулықтарды аталған шаралардың көмегімен жою мүмкін болмаса, құралды дереу қолданыстан шығару керек.

- ▶ Қысымның немесе сигналдың одан әрі болмайтынына көз жеткізіп, кездейсоқ іске қосылудан қорғаңыз.
- ▶ Өндірушіге хабарласыңыз.
- ▶ Егер қайтару қажет болса, 8.2 «Return»-тарауда берілген нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРТУ!

Қауіпті заттектер себебінен физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіру

Қауіпті заттектермен (мыс: оттегі, ацетилен, жанғыш немесе улы заттар), зиянды заттектермен (мыс: коррозиялық, улы, канцерогендік, радиоактивті), сондай-ақ тоңазытқыш қондырғыларымен және компрессорлармен жанасу кезінде физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі туындайды. Ақаулық орын алған жағдайда құралда өте жоғары температуралы және жоғары қысымды немесе вакуумды агрессивті заттектер болуы мүмкін.

- Бұл заттектер үшін барлық стандартты ережелермен бірге, тиісті қолданыстағы заңдар мен ережелерді де ұстану керек.



Байланыс мәліметтерін 1 «Жалпы ақпарат»-тараудан немесе пайдалану нұсқауларының артқы жағынан қараңыз.

Ақаулықтар	Себептері	Шаралар
Көрсеткіш температура көтерілгенде қозғалмайды	Діріл салдарынан биметалл сынып кетуі мүмкін	Құралды ауыстырыңыз
Терезенің тұман басыу/мұздауы нәтижесінде оқу мүмкін емес	Мұздату нүктесінен төмен температурада пайдаланыңыз	Құрал температурасы мен бөлме температурасының теңескенін күтіңіз
	Корпуста толтырғыш сұйықтық жоқ	Толтырғыш сұйықтығы бар термометрмен ауыстырыңыз
Көрсеткіш түсіп кетті	Тым күшті діріл немесе соққы жүктемесі	Өлшеу құралын толтырылған термометрмен алмастырыңыз

6. Ақаулықтар / 7. Техникалық қызмет көрсету және тазалау

КК

Ақаулықтар	Себептері	Шаралар
Толтырылған құралдың толтыру тығыны аймағында ағуы	Қоршаған орта температурасы -40°C градустан төмен	Қоршаған орта температурасы -50°C дейінгі құралмен ауыстырыңыз
Терезедегі көпіршіктер (ламинатталған қауіпсіздің шынысы)	Қоршаған орта температурасы тым жоғары	Сәуленген жылудан оқшаулаңыз
Құралды термогильзаға бұрап салу мүмкін емес	Бұранданың немесе езектің диаметрі қате немесе термогильзаның сабағы тым ұзын	Термометрді немесе термогильзаны ауыстырыңыз
Циферблат түсті болып кетті	Қоршаған орта температурасы тым жоғары	Сәуленген жылудан оқшаулаңыз
Терезе шытынады	Қажет болса, термометрді корпус арқылы бекітіңіз	Құралды ауыстырыңыз

7. Техникалық қызмет көрсету және тазалау



Байланыс мәліметтерін 1 «Жалпы ақпарат»-тараудан немесе пайдалану нұсқауларының артқы жағынан қараңыз.

7.1 Техникалық қызмет көрсету

Бұл биметалды термометрлерге техникалық қызмет көрсетілмейді! Индикаторды жылына бір немесе екі рет тексеріп тұру қажет. Ол үшін

7. Техникалық қызмет көрсету және тазалау

құралдарды процестен ажыратып, температура калибраторының көмегімен тексеру керек.

Жөндеу жұмыстарын тек өндіруші жүргізуі керек.

КК

7.2 Тазалау



АБАЙЛАҢЫЗ!

Физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіру

Дұрыстап тазаламау физикалық жарақаттар алуға әкелуі және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіруі мүмкін. Бөлшектенген құралдағы қалдық заттектер адамдарға, қоршаған ортаға және жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін.

- ▶ Төменде сипатталғандай тазалау процесін орындаңыз.

1. Тазалау алдында құралды электр желісінен дұрыс ажыратыңыз.
2. Қажетті қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз.
3. Құралды дымқыл шүберекпен тазалаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ!

Құралдың зақымдануы

Дұрыс тазаламау құралдың бұзылуына әкелуі мүмкін!

- ▶ Агрессивті тазалау құралдарын қолданбаңыз.
- ▶ Тазалау үшін үшкір және қатты заттарды пайдаланбаңыз.

4. Адамдарды және қоршаған ортаны қалдықтардың әсерінен қорғау үшін ажыратылған құралды жуыңыз немесе тазалаңыз.

8. Бөлшектеу, қайтару және қоқысқа тастау

8. Бөлшектеу, қайтару және қоқысқа тастау

КК



ЕСКЕРТУ!

Қалдық заттектер арқылы физикалық жарақаттар алу және мүлік пен қоршаған ортаға зақым келтіру

Бөлшектенген құралдағы қалдық заттектер адамдарға, қоршаған ортаға және жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін.

- ▶ Материалдың сәйкес ортаға арналған қауіпсіздік туралы деректер парағындағы ақпаратты сақтаңыз.
- ▶ Адамдарды және қоршаған ортаны қалдықтардың әсерінен қорғау үшін ажыратылған құралды жуыңыз немесе тазалаңыз.

8.1 Бөлшектеу



ЕСКЕРТУ!

Күйіп қалу қаупі бар

Шешкен кезде қауіпті ыстық орта шығып кетуі мүмкін.

- ▶ Құралды бөлшектемес бұрын оның жеткілікті түрде суығанын күтіңіз!



ҚАУІП!

Электр тогынан өмірге қауіп төнуі мүмкін

Ток өткізетін бөлшектерге тиген кезде өмірге тікелей қауіп төнеді.

- ▶ Құралды монтаждауды тек білікті мамандар ғана жүзеге асыра алады.
- ▶ Жүйе қуат көздерінен оқшауланған соң термометрді алып тастаңыз.

8. Бөлшектеу, қайтару және қоқысқа тастау



ЕСКЕРТУ!

Физикалық жарақат

Демонтаждаған кезде агрессивті ортадан және жоғары қысымнан қауіп төнеді.

- ▶ Материалдың сәйкес ортаға арналған қауіпсіздік туралы деректер парағындағы ақпаратты сақтаңыз.
- ▶ Жүйе қысымы төмендегеннен кейін термометрді алып тастаңыз.

КК

8.2 Қайтару

Құралды жөнелту кезінде келесілерді қатаң қадағалаңыз:

WIKА компаниясына жеткізілетін барлық құралдар ішінде қандай да бір болмасын қауіпті заттар (қышқылдар, негіздер, ерітінділер, т.б.) болмауы және осы себеппен қайтармас бұрын тазалануы керек.

Құралды қайтару кезінде, бастапқы қаптаманы немесе тасымалдауға арналған ыңғайлы қаптама пайдаланыңыз.

Зақым көлтірмеу үшін:

1. Құралды антистатикалық пластик таспаға ораңыз.
2. Құралды соққыдан қорғайтын материалмен бірге қаптамаға салыңыз. Тасымалдау қорабының барлық жақтарына біркелкі етіп соққыдан қорғайтын материал орналастырыңыз.
3. Мүмкін болса, қаптама ішіне ішінде құрғатқыш заты бар қалта салыңыз.
4. Жүкті сезімталдығы жоғары өлшеу құралын тасымалдау ретінде белгілеңіз.



Қайтару жөніндегі ақпаратты жергілікті веб-сайттағы «Қызмет көрсету» тақырыбынан табуға болады.

8.3 Қоқысқа тастау

Дұрыс тастамау қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін.

Құрал құрамдастары мен қаптау материалдарын қоршаған ортаға зиянсыз жолмен және қалдықты кәдеге жарату бойынша ұлттық ережелерге сәйкес қоқысқа тастаңыз.

9. Сипаттамалар

9. Сипаттамалар

Биметалдық термометр, модель 55

КК

Өлшеу элементі	Биметалл шарғы
Номиналды өлшемі	63, 100, 160
Құрал нұсқасы	
■ А55 моделі	Артқы тіреуіш (аксиалды)
■ R55 моделі	Төменгі тіреуіш (радиалды)
■ S55 моделі	Артқы тіреуіші, корпусы айнала және бұрыла алады
Рұқсат етілетін жұмыс температурасы	-50 ... +60 °C
Жұмыс қысымы	
■ Үздіксіз жүктеме (1 жыл)	Өлшеу ауқымы (EN 13190)
■ Қысқа мерзім (макс. 24 сағат)	Шкала ауқымы (EN 13190)
Корпус, сақина	Тот баспайтын болат 304SS
Білік, технологиялық қосылым	Тот баспайтын болат 316SS
Кірдің енуінен қорғау	IEC/EN 60529 стандартына сәйкес IP65 IP66, сұйықтықпен толтырылған

Тағы басқа техникалық сипаттамаларды WIKA TM 55.01 деректер парағы мен тапсырыс құжаттамасынан қараңыз.

WIKА компаниясының әлем бойынша еншілес компанияларын www.wika.com веб-сайтынан табуға болады.



ТОО ВИКА Казахстан
050050 Алматы/Казахстан
Тел. +7 727 2330848
info@wika.kz
www.wika.kz